

#2(36)2025

ЕНПФ

PRO

freepic.com

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

2 **ЖАҢАЛЫҚТАР / НОВОСТИ**
БЖЗҚ-ның тәжірибесі өңір елдерін қызықтыруда
Опыт ЕНПФ в фокусе интересов стран региона

6 **СТАТИСТИКА**
Цифрландыру: әділетті леуметтік қамсыздандыру
және оның әр азаматқа қолжетімділігі
Цифровизация — не просто удобство.
Это возможность сделать социальное
обеспечение граждан более доступным
справедливым для каждого

11 **САРАПТАМА / АНАЛИТИКА**
Өзгерістер дәуіріндегі демографиялық
қиындықтар және зейнетақыны жоспарлау
Демографические вызовы и пенсионное
планирование в эпоху перемен

19 **КӘСІПҚОЙ / ПРОФЕССИОНАЛ**
Как работает отдел актуарного
моделирования и анализа данных АО «ЕНПФ»:
цели, задачи и взгляд в будущее
“БЖЗҚ” АҚ Актуарлық модельдеу және
деректерді талдау бөлімі: мақсаттары,
міндеттері және болашаққа көзқарасы

25 **ЖОБАЛАР / ПРОЕКТЫ**
«Зейнет.кз» жобасын жаңа форматта
тамашалаңыздар!
«Пенсия.кз» в новом формате!

27 **МЕНІҢ ЕЛІМ / МОЯ СТРАНА**
Арман қала! Асыл Дала! Астана!
Здравствуй, столица, ты - вольная птица!
Это Астана!



БЖЗҚ-НЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ӨҢІР ЕЛДЕРІН ҚЫЗЫҚТЫРУДА

Зейнетақы жүйесінің қазақстандық үлгісі мен БЖЗҚ-ның зейнетақы капиталын қалыптастыруға көмегі тиетін, заманауи әрі қолайлы құралдарды жасап, дамытудағы тәжірибесі өзге елдер мамандарының назарына жиі ілігіп жүр. Айта кетейік, қазіргі уақытта Қор бірнеше халықаралық ұйымдармен, мысалы, әлемнің 150 елінен 300-ден астам ұйымды біріктіретін Халықаралық әлеуметтік қамсыздандыру қауымдастығымен (ХӘҚҚ), зейнетақы жүйелерін нығайтуға мүдделі Латын Америкасы, Еуропа және Орталық Азия елдерінің зейнетақы қауымдастықтары, басқа компаниялар мен мекемелерден тұратын Зейнетақы қорларын басқарушылардың халықаралық

ОПЫТ ЕНПФ В ФОКУСЕ ИНТЕРЕСОВ СТРАН РЕГИОНА

Казахстанская модель пенсионной системы и опыт ЕНПФ в создании и развитии современных и удобных инструментов формирования пенсионного капитала все чаще привлекают внимание специалистов из других стран. Отметим, что, в настоящее время Фонд сотрудничает с несколькими международными организациями, например, с Международной ассоциацией социального обеспечения (МАСО), объединяющей более 300 организаций из 150 стран мира, Международной ассоциацией управляющих пенсионными фондами (FIAP), в которую входят пенсионные ассоциации и другие компании и учреждения, заинтересованные в укреплении своих пенсионных систем

қауымдастығымен (FIAP) ынтымақтаса жұмыс істейді. Халықаралық тәжірибені зерделей отырып, БЖЗҚ қызметкерлері өз жетістіктерімен де бөліседі.

Тәжікстан Республикасы (ТР) делегациясының Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына танысу сапары зейнетақы жүйесінің қазақстандық үлгісіне деген қызығушылықтың артқанын растады. Іс-шара Дүниежүзілік Банктің қолдауымен өтті.

Делегация құрамында ТР Үкіметі жанындағы әлеуметтік сақтандыру және зейнетақы агенттігі (ӘСЗА), ТР Президенті жанындағы инновация және цифрлық технологиялар агенттігі (ИЦТА), ТР Денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жанындағы “Әлеуметтік қорғау мен экономикалық интеграцияны жаңғырту жобасын” жүзеге асыру тобының өкілдері болды. Кездесуге ҚР Ұлттық Банкі, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, “Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры” АҚ, “Еңбек ресурстарын дамыту орталығы” АҚ және Дүниежүзілік банк өкілдері қатысты.

“БЖЗҚ” АҚ Басқарма төрағасы Жанат Құрманов алғы сөзінде қонақтарға Қазақстанның зейнетақы жүйесіне қызығушылық танытқандары үшін алғыс айтып, оның негізгі компоненттері туралы баяндады және екі ел мамандарының нәтижелі ынтымақтастығына сенім білдірді.

Өз кезегінде тәжік делегациясының басшысы – ТР ӘСЗА директоры Абдурахмон Халимзод қазақстандық әріптестеріне зейнетақы жүйесін құрудың озық тәжірибесімен және оны цифрландыру деңгейімен танысуға мүмкіндік бергені үшін алғысын айтты. Ол цифрлық технологияларды өмірдің барлық салаларына, әсіресе зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру саласына

стран Латинской Америки, Европы и Центральной Азии. Изучая международные практики, сотрудники ЕНПФ делятся и своими наработками.

Подтверждением роста интереса к казахстанской модели пенсионной системы стал ознакомительный визит делегации Республики Таджикистан в Единый накопительный пенсионный фонд. Прошедшее мероприятие состоялось при содействии Всемирного Банка.

В составе делегации были представители Агентства социального страхования и пенсий при Правительстве РТ (АССП), Агентства инновации и цифровых технологий при Президенте РТ (АИЦТ), Группы реализации «Проекта модернизации социальной защиты и экономической интеграции» при Министерстве здравоохранения и социальной защиты населения РТ (ГРП). Во встрече также участвовали представители Национального Банка РК, Министерства труда и социальной защиты населения РК, АО «Государственный фонд социального страхования», АО «Центр развития трудовых ресурсов», Всемирного банка и ЕНПФ.

В приветственном слове Председатель Правления АО «ЕНПФ» Жанат Курманов поблагодарил участников встречи за внимание к пенсионной системе Казахстана, рассказал о ее основных компонентах и выразил надежду на продуктивное сотрудничество специалистов двух стран.

В свою очередь глава таджикской делегации – директор АССП РТ Абдурахмон Халимзод поблагодарил казахстанских коллег за возможность ознакомиться с передовым опытом построения пенсионной системы и уровнем ее цифровизации. Он отметил важность внедрения цифровых технологий во все сферы жизни и особенно в области

енгізудің маңыздылығына тоқталып, бұл қазіргі уақытта Тәжікстандағы басым стратегиялық міндеттердің бірі екенін атап өтті.

Кездесу барысында Душанбе қаласындағы ӘСЗА басқармасының бастығы Усмонали Сироджов ТРәлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі туралы айтып берді. Қазір Тәжікстанда ерлер 63, әйелдер 58 жасында зейнетке шығады. Зейнетақы төлемдері елдегі орташа өмір сүру ұзақтығына сәйкес 180 айға (15 жыл) есептелген. Сақтандыру және Мемлекеттік зейнетақы жасына, мүгедектігіне және асыраушысынан айырылуына байланысты тағайындалады. Сақтандыру зейнетақысы сақтанушылар сақтандырылған адамдар үшін төлеген зейнетақы жарналарынан (мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жалақысының 25%, мемлекеттік емес мекемелер 20%) тұрады. Сондай-ақ, зейнетақы әкесінен немесе анасынан айырылған 18 жасқа дейінгі балаларға төленеді.

Тәжікстандық топ Қазақстанның зейнетақы жүйесімен танысу, оның жинақтаушы компоненттеріне ерекше назар аудару, сондай-ақ еліміздің зейнетақы және әлеуметтік қамсыздандыру жүйелерін цифрландыру саласындағы озық тәжірибесімен танысу үшін келді.

Тәжік делегациясына Қазақстандағы әлеуметтік және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесі, атап айтқанда жинақтаушы компонент туралы кешенді ақпарат ұсынылды. Зейнетақыны жоспарлау мәдениетін дамыту, жеке зейнетақы шоттарын әкімшілендіру, зейнетақы төлемдерінің түрлері сынды тақырыптар таныстырылды, зейнетақы жинақтарын инвестициялау мәселелері ашылды. Бұл ретте осы бағыттарды іске асыруда цифрландырудың рөліне, кибер-қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, БЖЗҚ және

пенсионного и социального обеспечения, подчеркнув, что это является одной из приоритетных стратегических задач в Таджикистане в настоящее время.

Во время семинара начальник Управления АССП в г. Душанбе Усмонали Сироджов рассказал о системе социального и пенсионного обеспечения РТ. В настоящее время в Таджикистане пенсионный возраст для мужчин наступает в 63, для женщин в 58 лет. Пенсионные выплаты рассчитаны на 180 месяцев (15 лет), что соответствует средней продолжительности жизни в стране. Страховая и Государственная пенсии назначаются по возрасту, по инвалидности и по потере кормильца. Страховая пенсия состоит из пенсионных взносов, уплаченных страхователями за застрахованных лиц (25% от заработной платы служащих государственных учреждений и 20% - работников негосударственных учреждений). Также пенсия назначается детям до 18 лет, лишившимся отца или матери.

Целью визита таджикской делегации являлось знакомство с пенсионной системой Казахстана, с особым фокусом на ее накопительные компоненты, а также передовой опыт нашей страны в сфере цифровизации систем пенсионного и социального обеспечения.

Фондом была презентована комплексная информация о системе социального и пенсионного обеспечения в Казахстане в целом и накопительном компоненте в частности. Были отмечены такие темы, как развитие культуры планирования пенсии, администрирование индивидуальных пенсионных счетов, виды пенсионных выплат, раскрыты вопросы инвестирования пенсионных накоплений. При этом особое внимание было уделено роли цифровизации в реализации этих направлений, обеспечению кибер-

Қазақстанның жинақтаушы жүйесінің басқа да қатысушылары (уәкілетті операторлар – екінші деңгейдегі банктер, инвестициялық портфельді басқарушылар және өмірді сақтандыру компаниялары және т.б.) ұсынатын онлайн-сервистерді дамытуға ерекше назар аударылды.

Заманауи технологияларды дамытудың және ақпараттық қауіпсіздіктің барлық шараларын сақтай отырып, мемлекеттік құрылымдардың дерекқорларымен тығыз ықпалдасудың арқасында БЖЗҚ халыққа көрсететін барлық қызметтер цифрландырылды. Цифрландыру Қазақстанның зейнетақы және әлеуметтік жүйесін неғұрлым ашық, ыңғайлы және икемді, сондай-ақ азаматтардың барлық санаттары үшін пайдаланушы тәжірибесінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Тәжікстан мен Дүниежүзілік Банктен келген БЖЗҚ қонақтары зейнетақымен қамсыздандыру жауапкершілігін мемлекет, жұмыс беруші және қызметкер арасында бөлу қағидатына негізделген Қазақстанның көп компонентті зейнетақы жүйесі орнықты және теңгерімді екенін және аймақ елдерінде қызығушылық туындап отырғанын ерекше атап өтті.

безопасности, развитию онлайн-сервисов, предоставляемых как ЕНПФ, так и другими участниками накопительной системы Казахстана (уполномоченные операторы (БВУ), компании по страхованию жизни, управляющие инвестиционным портфелем и др.).

Благодаря развитию современных технологий и тесной интеграции с базами данных государственных структур с соблюдением всех мер информационной безопасности на сегодняшний день оцифрованы практически все услуги, оказываемые ЕНПФ населению. Цифровизация делает пенсионную и социальную систему Казахстана более прозрачной, удобной и гибкой, а также обеспечивает высокий уровень пользовательского опыта для всех категорий граждан.

Как отметили гости ЕНПФ из Таджикистана и Всемирного Банка - действующая в Казахстане многокомпонентная пенсионная система, построенная на принципах распределения ответственности за пенсионное обеспечение между государством, работодателем и работником, является устойчивой и сбалансированной и вызывает интерес в регионе.





ЦИФРЛАНДЫРУ: ӘДІЛЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘР АЗАМАТҚА ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

Қазақстан онлайн қызметтерді дамыту бойынша үздік 10 елдің қатарына енді

Қызметтердің цифрландырылуы өмірімізге түбегейлі өзгеріс енгізді. Соның ішінде әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы маңызды құралға айналды. Процестердің барынша жеңілдеуінің арқасында азаматтардың қызметтерді алуы қолжетімді бола бастады. Электрондық кезектер, онлайн-өтініштер, төлемдерді автоматты түрде есептеу, әлеуметтік желілер арқылы онлайн-кеңес беру — мұның бәрі уақытты

ЦИФРОВИЗАЦИЯ — НЕ ПРОСТО УДОБСТВО. ЭТО ВОЗМОЖНОСТЬ СДЕЛАТЬ СОЦИАЛЬНОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ГРАЖДАН БОЛЕЕ ДОСТУПНЫМ И СПРАВЕДЛИВЫМ ДЛЯ КАЖДОГО

Казахстан вошел в топ-10 стран по развитию онлайн-услуг

Цифровизация услуг в Казахстане охватывает все больше различных областей нашей жизнедеятельности и становится важнейшим инструментом в сфере социального обеспечения. Она упрощает процессы, делает их более быстрыми, а услуги — более доступными для граждан. Электронные очереди, онлайн-заявления, автоматическое начисление выплат, онлайн-консультации через

үнемдеп қана қоймай, әлеуметтік қызмет мамандарына түсетін жүктемені де азайтады. Кең байтақ жері бар Қазақстан халқы үшін цифрландырудың маңызды зор. Бұл ең шалғай ауылдардың тұрғындарына қажетті қызмет түрлеріне қалалықтармен бірдей қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл технология қызмет көрсетуді неғұрлым икемді етуге көмектеседі.

Халықаралық сараптамалар нәтижесіне сүйенсек, еліміздегі онлайн қызметтер мен жалпы цифрландыру жылдам жетілуде. БҰҰ деректері бойынша 2024 жылы Қазақстан онлайн-қызметтер бойынша 193 елді қамтыған рейтингте үздік-ондыққа кірді. Еліміздегі цифрлық қызметтердің даму деңгейі қаншалықты екенін жақсырақ түсіну үшін алғашқы ондықты атап өтейік. Олар: Оңтүстік Корея, Дания, Эстония, Сауд Арабиясы, Украина, Сингапур, Ұлыбритания, Жаңа Зеландия және Жапония. Қазақстанға жол берген елдердің ішінде: Қытай (11-ші орын), Германия (12-ші орын), Австралия (14-ші орын), Нидерланды (15-ші орын), БАӘ (16-шы орын), АҚШ (17-ші орын).

ТМД-ға мүше өзге елдер құрамында болған елдердің кейбіреулері бізден әлдеқайда төмен орналасқан. Мысалы: Армения – 53, Ресей – 56, Өзбекстан – 59, Әзірбайжан – 67, Қырғызстан – 89, Беларусь – 97, Тәжікстан – 130, Түрікменстан – 172 орын.


Өз кезегінде, “БЖЗҚ” АҚ да салымшыларына қызмет көрсету сапасын үнемі жақсартып келеді, цифрлық форматта ұсынылатын сервистер желісін кеңейтіп, жаңа қызмет түрлерін көбейтуде. Қазіргі кезде зейнетақы қызметтерінің 90%-дан астамын БЖЗҚ онлайн-форматта ұсынады. Сайттағы немесе мобильді қосымшадағы Жеке кабинетте салымшылар кез келген кезең үшін өз шотынан үзінді көшірме ала алады, жеке деректемелерін өзгертіп, жинағының

социальные сети — всё это не только экономит время, но и снижает нагрузку на сотрудников социальных служб. В Казахстане, с его огромной территорией и отдалёнными регионами, цифровизация особенно важна. Она позволяет людям в самых удалённых уголках страны получить доступ к тем же услугам, что и жителям крупных городов. Кроме того, технологии помогают сделать обслуживание более гибким.

Согласно международным оценкам, развитие онлайн-услуг и в целом цифровизации в нашей стране выглядит впечатляющим. Так, по данным ООН, в 2024 году Казахстан вошёл в топ-10 в рейтинге стран по онлайн-услугам. Рейтинг учитывал 193 страны. Для более наглядного понимания уровня развития, отметим какие государства также вошли в первую десятку. Это Южная Корея, Дания, Эстония, Саудовская Аравия, Украина, Сингапур, Великобритания, Новая Зеландия и Япония.

Среди стран, которые уступили Казахстану: Китай (11-е место), Германия (12-е место), Австралия (14-е место), Нидерланды (15-е место), ОАЭ (16-е место), США (17-е место). Отдельные страны СНГ оказались существенно ниже РК в рейтинге: Армения заняла 53-е место, Россия — 56-е, Узбекистан — 5-е, Азербайджан — 67-е, Кыргызстан — 89-е, Беларусь — 97-е, Таджикистан — 130-е, Туркменистан — 172-е.

В свою очередь, АО «ЕНПФ» на протяжении всей своей деятельности также стремится к улучшению качества обслуживания своих вкладчиков и постоянно расширяет линейку сервисов, предоставляемых в цифровом формате. На сегодняшний день, более 90% пенсионных услуг предоставлены ЕНПФ в онлайн-формате. Вкладчики в личном кабинете на сайте




бір бөлігін ИПБ-ға аударуға немесе Ұлттық Банктің басқаруына қайтаруға өтініш бере алады. Ел аумағынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткен кезде зейнетақы төлемін рәсімдеуге қажетті құжаттар тізбесімен танысып, басқа да көптеген қызметтерді қашықтан алуға мүмкіндіктері бар.

Зейнетақы калькуляторы мен дербес зейнетақы жоспарының автоматты есептеулері азаматтарға өз болашағын алдын ала жоспарлауға және барынша

или в мобильном приложении имеют возможность получить выписку со своего счета за любой период, изменить личные реквизиты, подать заявление на перевод части накопления в УИП или на возврат их под управление Нацбанка, ознакомиться с необходимым перечнем документов при выезде на ПМЖ и многое другое.

Пенсионный калькулятор, автоматический расчет персонального пенсионного плана - позволяют гражданам заранее

БЖЗҚ қызметтерінің өсу динамикасы / Динамика роста услуг ЕНПФ



негізделген қаржылық шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді.

Жыл басынан бері БЖЗҚ 20 млн-ға жуық қызмет көрсетті. Көрсетілген қызметтердің жалпы санының 9 млн астамы электрондық форматта, 9,6 млн автоматты түрде іске асырылды. Осылайша, онлайн-форматта көрсетілген қызметтердің жиынтық үлесі жалпы санның 98% құрады.

БЖЗҚ ұсынатын ең танымал қызметтер enpf.kz сайтындағы немесе мобильді қосымшадағы Жеке кабинетте (cabinet.enpf.kz) қолжетімді.

Айта кету керек, БЖЗҚ зейнетақы жинақтарының қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз етуге ерекше назар аударады. Сол үшін де деректер қауіпсіздігінің жоғары стандарттарын ұстанады. Соңғы жылдары киберқауіпсіздікті күшейту бойынша ақпараттық ресурстардың берік қорғалуын қамтамасыз ететін бірқатар ақпараттық жүйелер енгізілді. Инновациялар кибершабуылдарға қарсы әрекеттер мен

планировать своё будущее и принимать более обоснованные финансовые решения.

С начала года ЕНПФ оказал порядка 20 млн услуг. Из общего количества оказанных услуг более 9 млн было проведено в электронном формате, 9,6 млн — в автоматическом. Таким образом, суммарная доля услуг, оказанных в онлайн-формате, составила 98 % от общего количества.

Наиболее популярные услуги, предоставляемые ЕНПФ, доступны в личном кабинете cabinet.enpf.kz, на сайте enpf.kz или в мобильном приложении.

Стоит отметить, что ЕНПФ уделяет также особое внимание обеспечению безопасности и конфиденциальности пенсионных накоплений, и придерживается высоких стандартов безопасности данных. Так, в рамках усиления кибербезопасности в последние годы был внедрен ряд информационных систем, обеспечивающих защиту инфор-

веб-серверлерді, байланыс арналарын және ақпараттық ресурстарды DDoS шабуылдарынан қорғау жүйесінен, сондай-ақ жұмыс станциялары мен құрылғылардағы зиянды іс-әрекеттерді анықтап, зерттеу жүйесінен және қауіптерді айқындап, талдауға қажетті ақпараттық қауіпсіздік оқиғаларын басқару жүйесінен тұрады. Бұған қоса, Қордың ақпараттық жүйелері мен сервистерін қорғаудың тиімділігін едәуір арттыратын екі факторлы аутентификация жүйесі енгізілді.

БЖЗҚ халықаралық стандарттар мен талаптарға сәйкес ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйелерінің халықаралық аудитінен жүйелі түрде өтеді. Бұл нәтижелердің объективтілігі мен сенімділігін қамтамасыз етеді. Салымшылардың құпия деректерінің толық қорғалатынына, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы нормативтік талаптардың қатаң сақталатынына кепілдік береді.

мационных ресурсов. Новшества состоят из системы противодействия кибератакам и защиты веб-серверов, каналов связи и информационных ресурсов от DDoS-атак, системы обнаружения и изучения вредоносной активности на рабочих станциях и устройствах, а также системы управления событиями информационной безопасности для обнаружения и анализа угроз. Также внедрена система двухфакторной аутентификации, значительно повышающая эффективность защиты информационных систем и сервисов фонда.

Вместе с тем, ЕНПФ регулярно проходит международный аудит систем управления информационной безопасностью в соответствии с международными стандартами и требованиями, что обеспечивает объективность и надежность результатов, гарантирует вкладчикам полную защиту их конфиденциальных данных и строгое соблюдение нормативных требований в области информационной безопасности.


ӨЗГЕРІСТЕР ДӘУІРІНДЕГІ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚИЫНДЫҚТАР ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫНЫ ЖОСПАРЛАУ

ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ВЫЗОВЫ И ПЕНСИОННОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ В ЭПОХУ ПЕРЕМЕН



2024 жылы әртүрлі елдердің, соның ішінде Қазақстанның зейнетақы жүйесіне айтарлықтай әсерін тигізетін халықтың қартаюы мен бала туу көрсеткіші төмендеуінің жаһандық үрдісі жалғасын тапты.

2024 год стал продолжением глобальных тенденций старения населения и снижения рождаемости, которые оказывают значительное влияние на пенсионные системы разных стран, в том числе Казахстана.



Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының деректері бойынша

Болжамдарға сәйкес, Қазақстандағы халық саны 2050 жылдың соңына қарай **26,3 млн адамға** жетеді.

• Өмір сүру ұзақтығы және қарттардың үлесі

Алайда, елдің демографиялық пирамидасы біртіндеп өзгеруде: халықтың қартаюуы, еңбекке қабілетті халықтың азаюы және зейнеткерлер қатарының көбеюі байқалады.

Күтілетін өмір сүру ұзақтығы 2020-2021 жылдардағы пандемия кезінде төмендегеннен кейінгі **2021 жылғы 70,23-тен 2024 жылы 75,44 жасқа дейін өсті.**

2013-2024 жылдар аралығындағы орташа өмір сүру ұзақтығының өзгеру динамикасы мынадай:

по данным Бюро Национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан


Согласно прогнозам, в Казахстане численность населения к концу 2050 года достигнет **26,3 млн человек.**

• Продолжительность жизни и доля пожилых людей

Однако демографическая пирамида страны постепенно меняется: наблюдается старение населения, сокращение доли трудоспособного населения и увеличение числа пенсионеров.

Ожидаемая продолжительность жизни после снижения на фоне пандемии в 2020 – 2021 гг. **повысилась с 70,23 в 2021 году до 75,44 лет в 2024 году.**

Динамика изменения средней продолжительности жизни в период с 2013 по 2024 годы представлена следующим образом:




БЖЗҚ-ның да, БҰҰ-ның да болжамдары 2050 жылға қарай өмір сүру ұзақтығының өсуіне байланысты демографиялық қартаюдың жоғары деңгейі байқалатынын көрсетеді (халықтың жалпы санындағы 60 және одан жоғары жастағы адамдардың үлесі 2009 жылғы 9,7%-дан 2024 жылы 13,9%-ға дейін өсті және 2050 жылға қарай 19%-ға дейін өседі деп болжануда. Яғни, 2050 жылға қарай орта есеппен әрбір бесінші қазақстандық 60 жастан асқан болады).

Прогнозы как ЕНПФ, так и ООН показывают, что к 2050 году будет наблюдаться высокий уровень демографической старости по причине роста продолжительности жизни (доля людей в возрасте 60 лет и старше в общем объеме населения выросла с 9,7% в 2009 году до 13,9% в 2024 г. и по прогнозам продолжит расти до 19% к 2050 г., то есть к 2050 году в среднем каждый пятый казахстанец будет в возрасте 60 лет и старше).

Жалпы халық санындағы 60 жастан асқан адамдардың үлесі туралы нақты дерек пен болжам

Факт и прогноз доли людей в возрасте 60 лет и старше в общем объеме населения



• Жалпы туу коэффициенті

Халық құрылымына туудың жиынтық коэффициенті (ТЖК) айтарлықтай әсер етеді, бұл бір әйелдің репродуктивті кезеңде орта есеппен қанша рет босанатынын көрсетеді (яғни шамамен 15-50 жас).


Бұл көрсеткіш 2021 жылғы 3,32-ден 2024 жылы 2,80-ге дейін төмендеді.

БҰҰ болжамдарына сәйкес, Қазақстандағы туу коэффициентінің 2050 жылға қарай бір әйелге шаққанда 2,39 балаға дейін одан әрі төмендеуі мүмкін.

• Суммарный коэффициент рождаемости

Значительное влияние на структуру населения оказывает **суммарный коэффициент рождаемости (СКР)**, который показывает, сколько в среднем родила бы одна женщина на протяжении всего репродуктивного периода (т. е. примерно от 15 до 50 лет).

Данный показатель снизился с 3,32 в 2021 году до 2,80 в 2024 г. Согласно прогнозам ООН, ожидается дальнейшее снижение коэффициента рождаемости в Казахстане до 2,39 ребенка на одну женщину к 2050 году.



Бала туудың төмендеуі – бүкіл әлем үшін жаһандық үрдіс. Туу көрсеткіштерінің біртіндеп төмендеп, өмір сүру ұзақтығының артуы жағдайында еңбек нарығына адамдар аз араласа бастайды, зейнеткерлер мен еңбекке қабілетті халық арасындағы теңгерімсіздік одан әрі өсуде.

• Көші-қон сальдосы

UNFPA-ның (БҰҰ-ның халықты қоныстандыру саласындағы қоры) Қазақстандағы өкілдігі Қазақстан Республикасының халқын қоныстандыру

Снижение рождаемости является глобальной тенденцией для всего мира. В условиях постепенного снижения показателей рождаемости и увеличения продолжительности жизни всё меньше людей выходят на рынок труда, дисбаланс между пенсионерами и трудоспособным населением продолжает расти.

• Сальдо миграции


Представительство ЮНФПА (Фонд ООН в области народонаселения) в Казахстане в отчете Анализ положения в области

саласындағы жағдайды талдау есебінде біртіндеп 2050 жылға қарай 1000 адамға шаққанда 0 көші-қон сальдосына қол жеткізілетінін болжайды, бұл “республиканың жұмыс күшіне деген жоғары сұранысынан, елеулі этникалық эмиграция әлеуетінің біртіндеп сарқылуынан, Қазақстанның оңтүстігіндегі елдердегі халықтың жылдам өсуінен көрінетін экономикалық дамуымен байланысты”.

Төменде 2016-2024жж. иммигранттар мен эмигранттар саны көрсетілген:

населения Республики Казахстан прогнозирует постепенное достижение сальдо миграции 0 на 1000 человек к 2050 году, что объясняется «экономическим развитием республики, которое сопровождается высоким спросом на рабочую силу, постепенным исчерпанием потенциала значительной этнической эмиграции, быстрым ростом населения в странах к югу от Казахстана».

Нижe приведено количество иммигрантов и эмигрантов за 2016 - 2024



Көріп отырғанымыздай, пандемиядан кейін Қазақстанға келушілердің жыл сайынғы саны соңғы үш жылда 2,7 есеге өсті, ал 2020 жылдан бері кеткендердің саны 2,3 есеге азайды.

• Әлеуетті қолдау коэффициенті

65 жастан асқан адамдардың санына бөлінген еңбекке қабілетті жастағы (25 жастан 64 жасқа дейін) адамдардың саны ретінде есептелетін әлеуетті қолдау коэффициенті одан әрі төмендеп барады.

Еңбекке қабілетті жастағы адамдардың (25-64 жас) зейнеткерлерге (65+ жас) арақатынасы 2012 жылғы 7,7-ден 2024 жылы 5,2-ге дейін төмендеді. БЖЗҚ-ның

Как видно, после пандемии ежегодная численность прибывающих в Казахстан за последние три года выросла в 2,7 раза, тогда как число выбывших с 2020 года снизилось в 2,3 раза.


• Коэффициент потенциальной поддержки

Коэффициент потенциальной поддержки, рассчитываемый как количество людей трудоспособного возраста (от 25 до 64 лет), поделенное на количество людей в возрасте 65 лет и старше, продолжает снижаться.

Соотношение людей трудоспособного возраста (25-64 лет) к пенсионерам (65+ лет) снизилось с 7,7 в 2012 году до 5,2 в

да, БҰҰ-ның да болжамдарына сәйкес, Қазақстанда әлеуетті қолдау коэффициенті 2050 жылға қарай 3,4-ке дейін төмендейді, бұл еңбекке қабілетті халыққа түсетін “жүктемені” арттырады.

2024 г. Согласно прогнозам, как ЕНПФ, так и ООН, в Казахстане коэффициент потенциальной поддержки снизится до 3,4 к 2050 г., что увеличит «нагрузку» на трудоспособное население.



Жаһандық демографиялық өзгерістер жағдайындағы көп деңгейлі (аралас) зейнетақы жүйесінің өзектілігі

Естеріңізге сала кетейік, ТМД елдерінен Қазақстанның зейнетақы жүйесі ғана ұсынылған 2024 жылдың қорытындысы бойынша Mercer CFA институтының Жаһандық зейнетақы индексіnde демографиялық үрдістер – туу көрсеткішінің төмендеуі мен өмір сүру ұзақтығының өсуін ескере отырып, зейнетақы жүйелерін одан әрі жаңғырту қажеттілігі атап көрсетілген.

Бұл жағдайда Қазақстанда қолданылып жүрген зейнетақы жүйесіне ұқсас, мемлекеттік және жинақтаушы құрамдауыштарды қамтитын көп деңгейлі (аралас) жүйе неғұрлым тиімді. Мұндай үлгі лайықты зейнетақымен қамсыздандыру мәселесін тиімді шешіп, дамудың демографиялық және экономикалық үрдістеріне неғұрлым төзімді болып келеді.

Алайда, Қазақстандағы ынтымақты зейнетақы біртіндеп қысқарып келе жатқанын ескерген жөн. Өйткені ол 1998

Актуальность многоуровневой (смешанной) пенсионной системы в условиях глобальных демографических изменений

Напомним, что в Глобальном пенсионном индексе Института Mercer CFA по итогам 2024 года, в котором из стран СНГ была представлена только пенсионная система Казахстана, подчеркивается необходимость модернизации пенсионных систем с учётом демографических тенденций – сокращения рождаемости и роста продолжительности жизни.

В этих условиях наиболее эффективна многоуровневая (смешанная) система, включающая государственный и накопительный компоненты, аналогичная действующей в Казахстане. Такая модель успешнее решает задачу адекватного пенсионного обеспечения и является более устойчивой к демографическим и экономическим процессам развития.

Однако стоит учесть, что солидарная пенсия в Казахстане постепенно сокращается, поскольку рассчитывается с

жылға дейінгі еңбек өтілін ескере отырып есептеледі. Ал 10% міндетті зейнетақы жарналары лайықты зейнетақымен қамсыздандыру үшін жеткіліксіз болуы мүмкін. Сондықтан жинақтаушы құрамдауышты күшейту бойынша шаралар қабылдануда, олардың бірі – 2024 жылдан бастап 1975 жылы және одан кейін туған жұмысшылардың пайдасына жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын (ЖМЗЖ) кезең-кезеңімен енгізу. Осылайша, қазіргі уақытта Қазақстанда азаматтарды зейнетақымен қамсыздандыру бойынша жауапкершілік әлемдік тәжірибеде қалыптасқандай мемлекет, қызметкер және жұмыс беруші арасында бөлінген.

Демографиялық өзгерістер жағдайында жеке зейнетақыны жоспарлау қажеттілігі

Халықтың қартаюына және бала туудың төмендеуіне байланысты демографиялық өзгерістер жағдайында жеке зейнетақыны жоспарлау қажеттілігі ерекше өзекті болып отыр. Меншікті зейнетақы капиталын қалыптастыруға деген саналы көзқарас мемлекеттік қолдауға тәуелділікті азайтып, зейнеткерлікке шыққан соң лайықты өмір сүру деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі адамдарды өз зейнетақысының мөлшерін арттыру мәселесінде белсенділік танытуға ынталандырады. Мәселен, салымшының пікірінше, қолайлы зейнетақыға қол жеткізу үшін ай сайынғы міндетті зейнетақы жарналарының 10% - ы жеткіліксіз болса, онда оларды ерікті зейнетақы жарналарымен (ЕЗЖ) толықтыруға болады. Азаматтар ЕЗЖ-ны өз бастамасы бойынша төлейді, олардың мөлшері мен жиілігін дербес белгілейді. Сонымен қатар, сіз оларды өзіңіз үшін ғана емес, жақындарыңыз, соның ішінде кәмелетке толмаған балалар үшін де қоса аласыз.

учётом стажа до 1998 года. Обязательные пенсионные взносы в размере 10 % могут быть недостаточными для достойного пенсионного обеспечения. Поэтому предприняты меры по усилению накопительного компонента, одной из которых является поэтапное введение с 2024 года ОПВР в пользу работников, рожденных в 1975 году и позднее. Таким образом, в настоящий момент в Казахстане ответственность за пенсионное обеспечение граждан несут государство, работник и работодатель, как принято в мировой практике.

Необходимость личного пенсионного планирования в условиях демографических сдвигов

В условиях демографических сдвигов, связанных со старением населения и снижением рождаемости, необходимость личного пенсионного планирования становится особенно актуальной. Осознанный подход к формированию собственного пенсионного капитала позволяет снизить зависимость от государственной поддержки и обеспечить достойный уровень жизни на пенсии.

Накопительная пенсионная система стимулирует людей проявлять активность в вопросе повышения размера своей пенсии. Если, к примеру, по мнению вкладчика, для достижения приемлемой пенсии недостаточно 10% ежемесячных обязательных пенсионных взносов, то можно дополнить их добровольными пенсионными взносами (ДПВ). Граждане платят ДПВ по собственной инициативе, самостоятельно устанавливая их размер и периодичность. Причем вносить их можно не только за себя, но и за своих близких, в том числе и за несовершеннолетних детей.

Сондай-ақ, қаласаңыз, міндетті жарналардың 50%, ал ерікті жинақтарды 100% инвестициялық портфельді басқарушы жеке компаниялардың (ИПБ) басқаруына беру құқығын пайдалануға болады. Бұған қоса, салымшыға ИПБ-лардың түрлі инвестициялық стратегиялары бар портфельдерін таңдау құқығы берілетін мультипортфельді басқару әдісін енгізу жөніндегі ұсыныстар қаралуда. Бұл шаралар басқару тиімділігін арттыруға бағытталған.

Зейнетақыны болжау және жоспарлау үшін БЖЗҚ екі ыңғайлы құралды ұсынады: “Зейнетақы калькуляторы” және “Дербес зейнетақы жоспары”. Олар БЖЗҚ сайтында және мобильді қосымшасында қолжетімді. Бұл құралдардың көмегімен сіз болашақ зейнетақыны есептей аласыз және оны ұлғайту жоспарын жасауға болады.

Сонымен, дербес зейнетақы жоспары – бұл жинағыңызды арттырудың жеке стратегиясы. Ол қолда бар мүмкіндіктер негізінде зейнетақыны болжауды, зейнетақы қажеттіліктерін бағалауды, мақсат қоюды, жинақтау құралдарын таңдауды (мысалы, ЕЗЖ пайдалану, жинақтардың бір бөлігін ИПБ-ға беру), жарналардың жүйелілігі мен толықтығын қадағалауды, бақылау мен қажет болған жағдайда түзетуді қамтиды.

Осылайша, қоғамның демографиялық құрылымындағы өзгерістер азаматтардан өздерінің зейнеткерлік болашағы үшін үлкен жауапкершілікті талап етеді. Саналы түрде дербес зейнетақы жоспарын жасау – заман талабына айналып барады. Оны неғұрлым ерте бастасаңыз, қаржылық тұрғыда жайлы да лайықты қартаю мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады.

Также можно при желании воспользоваться правом передавать до 50% обязательных и до 100% добровольных накоплений в управление частным компаниям - управляющим инвестиционным портфелем (УИП). Кроме того, рассматриваются предложения по введению мультипортфельного управления с правом выбора вкладчиками портфелей с разными инвестиционными стратегиями от УИП. Эти меры направлены на повышение эффективности управления с учетом выбора вкладчиков.

Для прогнозирования и планирования пенсии ЕНПФ предлагает два удобных инструмента: «Пенсионный калькулятор» и «Персональный план пенсионных накоплений». Они доступны на сайте и в мобильном приложении ЕНПФ. С их помощью можно рассчитать будущую пенсию и разработать план ее увеличения.

Итак, персональное пенсионное планирование - это индивидуальная стратегия увеличения накоплений. Оно включает прогнозирование пенсии при имеющихся возможностях, оценку пенсионных потребностей, постановку целей, выбор инструментов накопления (к примеру, использование ДПВ, передача части накоплений в УИП), отслеживание регулярности и полноты взносов, контроль и при необходимости корректировку.

Таким образом, изменения в демографической структуре общества требуют от граждан большей ответственности за свое пенсионное будущее. При этом осознанное персональное пенсионное планирование становится необходимостью. Чем раньше его начать, тем выше шансы на финансово комфортную и достойную старость.



“БЖЗҚ” АҚ АКТУАРЛЫҚ МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ТАЛДАУ БӨЛІМІ: МАҚСАТТАРЫ, МІНДЕТТЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАСЫ

Актuarлық модельдеу қазіргі жоғары технологиялар заманында қаржылық тәуекелдерді басқару мен болжаудың негізгі құралына айналды. Әрбір сан мен есептің артында жұмысы дәлдікті, аналитикалық түйсік пен терең білімді қажет ететін сарапшылар тұр. “БЖЗҚ” АҚ Стратегиялық даму департаменті директорының орынбасары – Актuarлық модельдеу және деректерді талдау бөлімінің бастығы Абылай Жексембай PRO-ЕНПФ журналына берген сұхбатында бөлімнің атқаратын

КАК РАБОТАЕТ ОТДЕЛ АКТУАРНОГО МОДЕЛИРОВАНИЯ И АНАЛИЗА ДАННЫХ АО “ЕНПФ”: ЦЕЛИ, ЗАДАЧИ И ВЗГЛЯД В БУДУЩЕЕ

В современном мире высоких технологий актуарное моделирование становится ключевым инструментом в управлении финансовыми рисками и прогнозировании. За каждой цифрой и расчетом стоят эксперты, чья работа требует точности, аналитического мышления и глубоких знаний. В интервью для журнала PRO-ЕНПФ заместитель директора департамента стратегического развития - начальник отдела актуарного моделирования и анализа данных

жұмысы мен талдау жұмыстарының стратегиялық шешім қабылдаудағы маңызы жөнінде әңгімелеп берді.

- Абылай, өзіңіз басқаратын бөлімнің БЖЗҚ-ның жалпы құрылымындағы алатын орны мен қызметінің маңыздылығын қалай бағалар едіңіз?

- Алдымен «актуарий» деген кім екенін түсіндіріп өтейін. Актуарий — болашақтағы оқиғалардың қаржылық салдарын бағалап, тәуекелдерді талдау үшін математикалық, статистикалық және экономикалық әдістерді қолданатын маман. Атап айтқанда, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) актуарийлері мәліметтерге, статистикаға, машиналық оқыту мен жасанды интеллект әдістеріне сүйене отырып, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайын бағалайды. Олар зейнетақы ағындарын болжауға арналған болжамдық модельдерді әзірлейді, салымшылардың мінез-құлқын және экономикалық факторлардың әсерін талдайды, ауытқуларды анықтап, салымшыларды сегменттейді, сондай-ақ жекелендірілген аналитикалық ұсынымдар әзірлейді.

Менің ойымша, актуарлық модельдеу және деректерді талдау бөлімі — зейнетақы жүйесінің ұзақмерзімді тұрақтылығының «радары» іспеттес. Кез келген ірі ұйымның ішінде жұмысы көзге көрінбейтін, бірақ бірде-бір стратегиялық шешім онсыз қабылданбайтын бөлімшелер болады. БЖЗҚ-дағы мұндай рөлді дәл осы актуарлық модельдеу және деректерді талдау бөлімі атқарады. Оны математика, статистика және қаржы түйісетін ішкі зерттеу орталығы деуге де болады. Басты мақсаты – зейнетақы жүйесінің бүгін тұрақты, ал ертең сенімді болуын қамтамасыз ету. Актуарийлерді бетон мен болаттың орнына сандар мен болжамдарды пайдаланатын инженерлер деуге болады. Олар экономикалық, қаржылық және демо-

АО «ЕНПФ» Абылай Жексембай рассказал нам о том, в чем заключается работа отдела и какую роль играет аналитика в принятии стратегических решений.

- Абылай, как вы оцениваете значение и функции вашего отдела в общей структуре ЕНПФ?

- Для начала поясню, кто такой актуарий — это специалист, применяющий математические, статистические и экономические методы для анализа рисков и оценки финансовых последствий будущих событий. В частности, актуарии ЕНПФ на основе данных, статистики, методов машинного обучения и искусственного интеллекта оценивают текущее состояние накопительной пенсионной системы, разрабатывают предсказательные модели для прогнозирования пенсионных потоков, анализируют поведение вкладчиков и влияние экономических факторов, выявляют аномалии и проводят сегментацию вкладчиков, готовят персонализированные аналитические рекомендации и т.д.

Я считаю, что отдел актуарного моделирования и анализа данных - это своего рода «радар» долгосрочной устойчивости пенсионной системы. В любой крупной организации есть подразделения - «невидимки», чья работа остаётся за кадром, но без них невозможно принять ни одно стратегическое решение. В ЕНПФ такую роль выполняет отдел актуарного моделирования и анализа данных. По сути, это внутренний исследовательский центр, где встречаются математика, статистика и финансы - всё ради того, чтобы пенсионная система оставалась стабильной сегодня и надёжной через десятилетия. Можно сказать, что актуарии – это инженеры, которые вместо бетона и стали используют цифры и прогнозы, строят конструкции, способные выдержать



графиялық дағдарыстарға төтеп бере алатын күрделі құрылымдарды жобалайды.

Актuarлық модельдеу және деректерді талдау бөлімінің жұмысын өзгеше етіп тұратын бірінші ерекшелік – үлкен көлемдегі шашыраңқы ақпаратты нақты әрі түсінікті болжамдарға айналдыра білу қабілеті. Бөлім мамандары салымшылардың жарналары, инвестициялық кірістер, Қазақстан демографиясы және жаһандық экономикалық үрдістер туралы деректерді пайдалана отырып, ақша ағындарының сценарийлік модельдерін құрастырады. Олар инфляцияның күрт өсуінен бастап, зейнетке шығу жасын қайта қарастыруға дейінгі кез-келген өзгерістің төлемдерге қалай әсер ететінін көре алады. Мұндай қорытындылар Қордың даму стратегиясын қалыптастыруға және заңнаманы жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды дайындауға

давление экономических, финансовых и демографических кризисов.

Первое, что отличает работу отдела актуарного моделирования и анализа данных – это умение превращать огромные объёмы разрозненной информации в чёткие прогнозы. Сотрудники отдела используют данные о взносах вкладчиков, инвестиционных доходах, демографии Казахстана и мировых экономических трендах и строят на их основе сценарные модели денежных потоков. Они видят, как любое изменение от скачка инфляции до корректировки пенсионного возраста влияет на выплаты. Эти выводы становятся базой для стратегии развития Фонда и для предложений по совершенствованию законодательства. А результаты исследований публикуются в ежегодных актуарных отчетах.

негіз болады. Ал зерттеу нәтижелері жыл сайынғы актуарлық есептерде жарияланып отырады.

- Сіздің бөлім қандай ірі жобаларды жүзеге асырды?

- Біздің бөлім жүзеге асырған бірқатар ауқымды жобаларды атап өтуге болады. Солардың бірі – өлім-жітім кестелерін өзектендіру. Мұндай жұмыс соңғы рет 2017 жылы британдық актуарийдің қатысуымен жүргізілген болатын. Содан бері біз пандемияны бастан өткердік, демографияда ауқымды өзгерістер байқалуда. Осы үдерістердің барлығы жаңартылған өлім-жітім кестесінде ескерілуі тиіс, қазір біз дәл осы бағытта жұмыс жүргізіп жатырмыз.

Бөлімнің тағы бір ірі жобасы – KazPresto көпқұрамдауышты моделін қолдау. Бұл –бірегей өнім әрі қуатты талдау құралы десем асыра сілтегендік болмас. Ол Қазақстандық зейнетақы жүйесінің барлық құрамдауыш бөліктері бойынша есептеулер жүргізіп, болжамдар жасауға мүмкіндік береді. Аталған құралдың негізіне жинақтаушы зейнетақы жүйесі аясында жүзеге асырылған жарналардың мөлшері мен тұрақтылығына қатысты тарихи статистиканы талдау нәтижесінде анықталған азаматтық мінез-құлық үлгілері алынған. Қазіргі таңда біз машиналық оқыту әдістерін қолдана отырып осы мінез-құлық үлгілерін өзектендіруге бағытталған жұмыстар жүргізіп жатырмыз.

Сонымен қатар, біз түрлі мемлекеттік органдардың сұранысы бойынша актуарлық есептеулерді тұрақты түрде жүргізіп отырамыз. Біздің зерттеулердің нәтижелері зейнетақы заңнамасын реформалау кезінде де қолданылады.

- Сіздің бөлімше іске асырған және салымшылар үшін тиімді болған тағы да қандай жобаларды мысалға келтірер едіңіз?

- Какие крупные проекты реализовал ваш отдел?

- Можно выделить несколько масштабных проектов, реализованных нашим отделом. Одним из них является актуализация таблиц смертности. В последний раз такая работа была проведена в 2017 году совместно с британским актуарием. С тех пор мы пережили пандемию, наблюдаются масштабные демографические изменения. Результаты всех этих процессов необходимо отразить в обновленной таблице смертности, над которой мы работаем.

Еще одним крупным проектом отдела является поддержка многокомпонентной модели KazPresto. Это, без преувеличения, уникальный продукт, и мощный инструмент для аналитики. Он позволяет проводить расчеты и делать прогнозы по всем компонентам пенсионной системы Казахстана. В основу инструмента легли шаблоны поведения граждан, выявленные на основании анализа исторической статистики по размеру и регулярности взносов в рамках накопительной пенсионной системы. В настоящее время мы ведем работу по актуализации шаблонов поведения с использованием методов машинного обучения.

Также мы периодически проводим актуарные расчеты по запросам различных государственных органов. Результаты наших исследований используются в том числе при реформировании пенсионного законодательства.

- Какие проекты, полезные для вкладчиков и реализованные вашим отделом, вы можете также привести в качестве примера?

- Бөлім мамандары аналитикалық жұмыс пен болжам жасаудан бөлек, салымшылардың БЖЗҚ-мен өзара әрекетін барынша ыңғайлы етуге арналған цифрлық шешімдер әзірлейді. Қордың ресми сайты мен мобильді қосымшасына енгізілген онлайн калькулятор мен «Дербес зейнетақы жоспары» дәл біздің бөлімнің белсене араласуымен жүзеге асырылған жобалар. Бұл құралдардың көмегімен әрбір салымшы болашақ зейнетақысының болжамды мөлшерін кірістілік пен еңбек өтілінің түрлі сценарийлерін ескере отырып есептей алады. Нақты мақсатты сома белгілеп, ерікті жарналар туралы ескертулер алып, өз прогресін шынайы уақыт режимінде бақылап отыра алады.

- Бөлім қызметкерлері тағы немен айналысады?

- Бөлім қызметкерлері, сондай-ақ, басқа бөлімшелермен өзара әрекеттеседі. Олар нормативтік құқықтық актілердің жекелеген ережелерін түсіндіруге, қаржылық кеңесшілерді оқыту мен Excel бойынша тәжірибелік курстарды қоса алғанда, кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған оқыту сессиялары мен шеберлік сыныптарын тұрақты түрде өткізіп отырады. Мұндай білім алмасу ұжымның техникалық сауаттылығын арттырып, БЖЗҚ қызметінің барлық деңгейлеріне үздік тәжірибелерді енгізуді жеделдетеді.

- Таяу жылдардағы актуарий мамандығының дамуын қалай елестете аласыз? Жеке пікіріңізбен бөліссеңіз.

- Әлем бір орында тұрған жоқ, ол күннен-күнге дамып барады. Сондықтан түрлі мамандық иелері уақыт талабына сай үнемі жетіліп, кәсіби шеберлігін шыңдап отыруы керек. Бұл қағида актуарлық қызметке де қатысты. Бұрын бақылау деректерінің жеткіліксіздігіне байланысты актуарийлер математикалық модельдер құруға мәжбүр

- Помимо аналитической работы и прогнозирования специалисты отдела создают цифровые решения, делающие взаимодействие вкладчиков с ЕНПФ интуитивно понятным. Именно с нашей помощью появились онлайн-калькуляторы и сервис «Персональный пенсионный план», встроенные в мобильное приложение и личный кабинет на сайте. Благодаря им каждый клиент может не только рассчитать прогноз своей будущей пенсии с учётом различных сценариев доходности и стажа, но и указать конкретные целевые суммы, получать напоминания о добровольных взносах и в режиме реального времени отслеживать прогресс.

- Чем еще занимаются сотрудники отдела?

- Сотрудники отдела также взаимодействуют и с другими подразделениями. Они проводят регулярные обучающие сессии и мастер-классы, направленные на разъяснение отдельных положений нормативных правовых актов и развитие профессиональных навыков, включая обучение финансовых консультантов и практические курсы по Excel. Такой обмен знаниями повышает техническую грамотность коллектива и ускоряет внедрение лучших практик на всех уровнях деятельности ЕНПФ.

- Как, по Вашему мнению, будет развиваться профессия актуария в ближайшие годы?

- Мир не стоит на месте, и представители разных профессий должны развиваться в соответствии с тенденциями времени. Не является исключением и актуарная деятельность. Если раньше в условиях недостаточных наблюдений актуарии были вынуждены строить математические модели, то теперь нужно осваивать

болса, бүгінде олар үлкен деректермен жұмыс істеу технологияларын меңгеруге тиісті. Бұл технологиялар дәстүрлі формулалар арқылы анықтау мүмкін болмаған заңдылықтарды осы деректерден табуға жол ашады – мысалы, еңбек өтілінің үзілу қаупінің алғашқы белгілерін немесе кірістіліктің мінез-құлық факторларына «жасырын» тәуелділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Сондықтан актуарлық модельдеу және деректерді талдау бөлімі үлкен деректерді талдау, машиналық оқыту және визуалды аналитика салаларындағы құзыреттіліктерді кеңейтуге басымдық беріп отыр. Есептер қуатты есептеу ортасына көшіріліп, біртіндеп машиналық оқыту әдістері қосылуда. Бұл өлім-жітім деңгейін, кірістілікті және ықтимал тәуекелдерді дәлірек бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл кемшіліктерді тез анықтап, экономика мен еңбек нарығындағы өзгерістерге жауап бере алатын жедел әрекет етуге жағдай жасайды.

Нәтижесінде барлығы ұтады: Қор – тұрақты қаржылық модельге ие болады, салымшылар – өздерінің болашақ зейнетақы кірістері бойынша неғұрлым нақты әрі ашық болжам алады, ал экономика – ұзақ мерзімді жобаларды қолдай алатын тұрақты институционалдық инвесторға ие болады.

- Рақмет, Абылай мырза! Осындай шабыт сыйлайтын әңгімеңізден кейін, актуарий мамандығын таңдаған немесе оны таңдауды ойлап жүрген жандарға осы мамандықтың маңызын толықтай ұғынып, үлкен жетістіктерге ұмтылуға тілектеспіз. «БЖЗҚ» АҚ актуарлық модельдеу және деректерді талдау бөлімінде еңбек етіп жүрген әр қызметкердің кәсіби жолы мазмұнды, қызықты әрі шын мәнінде тартымды болсын. Командаңызға табыс тілейміз және алға нық қадам баса беріңіздер!

технологии работы с большими данными. Эти технологии открывают возможность выявлять в имеющихся данных закономерности, недоступные традиционным формулам: например, ранние признаки риска прерывания трудового стажа или «скрытую» зависимость доходности от поведенческих факторов.

Именно поэтому отдел актуарного моделирования и анализа данных делает ставку на расширение компетенций в области анализа больших данных, машинного обучения и визуальной аналитики.

Расчеты переносятся в более мощную вычислительную среду и постепенно подключаются методы машинного обучения, чтобы точнее оценивать смертность, доходность и возможные риски. Такой подход даёт возможность чаще уточнять допущения и быстрее реагировать на изменения в экономике и на рынке труда. В итоге выигрывают все: Фонд получает более устойчивую финансовую модель, вкладчики – более точные и прозрачные прогнозы своих будущих пенсионных доходов, а экономика – стабильного институционального инвестора, способного поддерживать долгосрочные проекты.

- Спасибо, Абылай. После такого вдохновляющего рассказа желаем всем, кто уже в профессии актуария или только задумывается о ее выборе, осознавать ее ценность в полной мере и стремиться достигать выдающихся результатов. Пусть профессиональная дорога каждого сотрудника отдела актуарного моделирования и анализа данных АО «ЕНПФ» будет насыщенной, интересной и по-настоящему увлекательной. Успехов всей Вашей команде и уверенного движения вперед!



«ЗЕЙНЕТ.КЗ» ЖОБАСЫН ЖАҢА ФОРМАТТА ТАМАШАЛАҢЫЗДАР!

Зейнетақы – тек егде жастағы адамдар үшін маңызды мәселе емес. Қадірлі қарттыққа жеткен кезде алатын табысыңыздың қандай болатынын бүгіннен, тіпті алғашқы еңбекақыны қолға алған сәттен бастап ойлаған жөн.

Соңғы уақытта қазақстандықтарды зейнетақы жарналарын аудару, жинақтарын алу, инвестициялау және осы секілді басқа да мәселелер толғандырып жүр. Осыған байланысты, «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (БЖЗҚ) БЖЗҚ/ЕНПФ YouTube арнасында «Зейнет.кз»/«Пенсия.кз» тақырыбындағы ақпараттық-танымдық жаңа бағдарламаның жарық көргенін қуана хабарлайды.

«ПЕНСИЯ.КЗ» В НОВОМ ФОРМАТЕ!

Тема пенсии актуальна не только для людей в зрелом возрасте. О том, каким будет доход после окончания трудовой деятельности, стоит начать задумываться с первой заработной платы.

Учитывая многочисленные вопросы, возникающие у казахстанцев относительно перечисления пенсионных взносов, выплат пенсионных накоплений, инвестирования и множества других, ЕНПФ сообщает о запуске на своем YOUTUBE-канале БЖЗҚ/ЕНПФ информационно-познавательной программы «Зейнет.кз»/«Пенсия.кз» на казахском и русском языках. Многие телезрители помнят выпуски этой программы, выходившие в

Бұрын бұл бағдарлама республикалық телеарналарда жоғары рейтингпен көрсетілгені есіңізде болар. Ал жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 25 жылдығына орай түсірілген «Зейнет.kz» ақпараттық жобасы “Жылдың үздік халықтық жобасы” деп танылды.

Бағдарламаның жаңа маусымы енді YouTube алаңында жалғасады. Онда зейнетақы жүйесінің қыр-сырымен таныстырушы Ахметовтер отбасы көрермендерге бағыт-бағдар береді. Үш буын өкілі өз өмірлеріндегі түрлі жағдайлар арқылы зейнетақы шотын қалай ашуға болатынын, алғашқы жарнаны қалай аудару керек екенін, жинақтарды қалай басқаруға немесе төлемдерді қалай алуға болатынын түсіндіріп береді.

Әр шығарылымда – бір отбасының шынайы өмірінен алынған оқиға. Ондағы кейіпкерлер тап болған мәселе мен оны шешу жолы әр көрерменге ой салып, өзінің де зейнеттік болашағын дұрыс жоспарлауға септігін тигізеді.

«Зейнет.kz» / «Пенсия.kz» бағдарламасы – жас ерекшелігіне қарамастан, әрбір қазақстандыққа зейнетақы жүйесінің маңызды тұстарын тереңірек түсінуге көмектеседі. Бағдарламадағы шынайы өмір көріністері – өз мүдденіңді қорғауға, сауатты шешім қабылдауға және келешектегі зейнетақыңызды дұрыс жоспарлауға жол ашады.

Сондай-ақ, бұл жобада зейнетақы жүйесіндегі соңғы өзгерістер мен олардың болашақ зейнеткерлерге ғана емес, зейнет жасынан әлі алыс адамдарға да әсері жайлы кеңінен айтылады.

эфире республиканских телевизионных каналов в прошедшие годы и имевшие очень высокие рейтинги. Информационная кампания под брендом “Зейнет.kz”, приуроченная к 25-летию накопительной пенсионной системы Республики Казахстан, была признана общественностью как лучший народный проект года.

В новом сезоне программа шагнула на пространство YOUTUBE. Теперь получить ответы на самые актуальные вопросы казахстанцам поможет семья Ахметовых. Три поколения наших героев помогут разобраться в тонкостях пенсионной системы Казахстана и на своем примере объяснят, как открыть пенсионный счет, сделать первый взнос, управлять своими накоплениями или получать пенсионные выплаты в различных жизненных ситуациях.

В каждом выпуске будут рассказаны истории членов одной семьи, которые столкнулись с теми или иными вопросами и нашли на них ответы. Эти примеры помогут зрителям понять, какие проблемы существуют на практике и как их можно решить.

С выходом на YOUTUBE-канале ЕНПФ новой программы «Зейнет.kz»/«Пенсия.kz» зрители смогут глубже понять важные аспекты пенсионной системы и ее влияние на жизнь каждого казахстанца независимо от возраста. Жизненные ситуации героев программы помогут быть информированными, принимать обоснованные решения, защитить свои интересы и планировать свою будущую пенсию.

В программе также пойдет речь о последних изменениях в пенсионной системе и их влиянии на будущее не только пенсионеров, но и тех, кто только начинает задумываться о своей жизни после выхода на пенсию.

Арман қала!
Асыл дала! Астана!

Здравствуй, столица,
ты - вольная птица!
Это – Астана!

АСТАНА



Астана — 1997 жылдан бері Қазақстанның астанасы. Есіл өзенінің жағасында орналасқан бұл қала елдің саяси, экономикалық, мәдени және ғылыми орталығына айналды.

ТАРИХЫ МЕН ДАМУЫ

Астананың іргесі алғаш рет 1830 жылы Ақмола бекінісі ретінде қаланып, ұзақ уақыт шағын қала болып келген. 1961 жылы шаһар Целиноград атанып, тың жерлерді игерудің ірі орталығына айналды. 1997 жылы ел астанасы Алматыдан Ақмолаға көшіріліп, қала тарихында жаңа кезең басталды. Ал 1998 жылы Ақмолаға Астана атауы берілді. Бұл шешім елдегі ресурстар мен халықтың орналасуын теңдестіріп,

Астана – город, расположенный на берегу реки Ишим - является столицей Казахстана с 1997 года и представляет собой важный политический, экономический и культурный центр страны.

ИСТОРИЯ И РАЗВИТИЕ

Астана была основана в 1830 году как крепость Акмола и в течение многих лет оставалась небольшим городом. В 1961 году она была переименована в Целиноград и получила новый импульс к развитию, став центром освоения целинных земель. В 1997 году, когда столица была перенесена из Алматы в Акмолу, город начал активно развиваться. Это решение было принято правительством для



елорданың қарқынды дамуына жол ашты.

САЯСИ МАҢЫЗЫ

Астана – ел бірлігінің және жаңғыруға ұмтылған кемел болашақтың нышанына айналды. Бұл жерде еліміздің жүрегі саналатын маңызды мемлекеттік мекемелер – президенттің Ақордасы, Парламент, Үкімет, Ұлттық Банк пен өзге де құрылымдар шоғырланған.

Астана халықаралық форумдар мен

обеспечения более сбалансированного распределения ресурсов и населения по стране. Новым шагом к укреплению столицы стало переименование города весной следующего 1998 года – Акмола стала Астаной.

ПОЛИТИКА

Астана стала символом единства и стремления к развитию. Здесь расположены важнейшие государственные учреждения – президентский дворец Ак Орда, Парламент,

саммиттердің алаңына айналып, әлемдік деңгейдегі саяси оқиғалардың ордасы болды. Елорданың қоғамдық-саяси өмірі демократиялық қағидаларды орнықтыру мен экономикалық өркендеуді қамтамасыз етуге бағытталған бастамаларға бай.

Бұл үдерістер Қазақстанның халықаралық аренадағы беделін арттырып, аймақтық және жаһандық маңызын бекіте түсуде. Стратегиялық жағынан аса маңызды өңірде орналасқан Астана жаһандық саясат сахнасында салмақты рөл атқарып, қарқынды дамуын жалғастырып келеді.

ЭКОНОМИКАСЫ МЕН БОЛАШАҒЫ

Қазақстанның астанасы – тек саяси емес, сонымен қатар елдің маңызды экономикалық орталығы ретінде де қарқынды дамып келеді. Мұнда іскерлік белсенділік артып, экономиканың түрлі салаларына серпін беретін қуатты жобалар жүзеге асырылуда. Әсіресе, шағын және орта бизнесті дамытуға мемлекет тарапынан айрықша көңіл бөлініп отыр. Бұл бағытта түрлі қолдау тетіктері іске қосылып, кәсіпкерлерге қолайлы орта қалыптастырылуда.

Астана шетелдік және отандық инвесторлар үшін тартымды алаңға айналды. Қаланың инвестициялық әлеуеті жыл сайын артып келеді. Жаңа жобалар мен инфрақұрылымның дамуы елорданың экономикасына серпін беріп қана қоймай, мыңдаған жұмыс орнын ашуға мүмкіндік туғызуда.

Астанадағы құрылыс индустриясы – ең жылдам әрі қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Соңғы жылдары қала келбеті түбегейлі өзгеріп, заманауи үлгідегі тұрғын үйлер, бизнес-орталықтар, әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар бой көтерді. Бұл үдеріс – тек сәулет жетістігі ғана емес, сонымен қатар

Правительство, Национальный Банк и другие государственные структуры. Город стал площадкой для международных форумов и саммитов – политическая жизнь столицы насыщена событиями и инициативами, направленными на развитие демократии и экономического роста. Все это способствует укреплению позиций Казахстана на мировой арене. Подчеркивая стратегическую важность региона, Астана продолжает развиваться как важный игрок на международной политической сцене.

ЭКОНОМИКА И БУДУЩЕЕ

Столица Казахстана является важным экономическим центром страны. Большое внимание уделяется развитию малого и среднего бизнеса. Город активно привлекает инвестиции, что способствует росту экономики. Активно развивается строительная индустрия. За последние годы в Астане было построено множество современных зданий, жилых комплексов, бизнес-центров и инфраструктурных объектов. Строительная отрасль является одной из наиболее динамично развивающихся, привлекая инвестиции и рабочую силу. Планируется, что в будущем Астана станет еще более современным и динамичным городом, продолжая привлекать внимание как местных, так и международных инвесторов.

НАУКА, ОБРАЗОВАНИЕ

На сегодняшний день столица Казахстана – важный научный и образовательный центр страны. Здесь расположены ведущие университеты, НИИ и учебные организации, которые предлагают широкий спектр программ и специальностей. Тысячи казахстанцев и гостей из-за рубежа приезжают в Астану за знаниями – Назарбаев Университет, Евразийский национальный университет имени

қала экономикасын дамытуға тікелей әсер ететін маңызды фактор. Ел ордасы заманауи, технологиялық, жайлы әрі халықаралық деңгейдегі іскерлік және мәдени орталыққа айналады деп күтілуде. Астана өзінің ашықтығы, мүмкіндіктері және даму қарқыны арқылы шетелдік инвесторлар мен жергілікті кәсіпкерлер назарын одан әрі өзіне аударатыны сөзсіз.

ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМ

Астана — елдің жетекші ғылыми және білім беру орталығы. Назарбаев Университеті, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті сияқты беделді жоғары оқу орындары мен ғылыми зерттеу институттары осында орналасқан. Мыңдаған студенттер мен шетелдік жастар білім алу үшін Астананы таңдайды.

Қаланың ғылыми мекемелері медицина, технология және экология салаларында өзекті зерттеулер жүргізіп жатыр. Сонымен қатар, Астана халықаралық ғылыми конференциялар мен форумдарды қабылдап, жаһандық ғылыми ынтымақтастықты дамытуда.

СӘУЛЕТ ӨНЕРІ МЕН КӨРНЕКТІ ОРЫНДАР

Астана — заманауи сәулет өнерінің айнасы. Қала ерекше ғимараттарымен, қайталанбас стильдегі нысандарымен танымал. Ең танымал символдардың бірі — Бәйтерек монументі, оның шолу алаңынан бүкіл қаланы тамашалауға болады. Сонымен қатар, Бейбітшілік және келісім сарайы, Ақорда, әлемдегі ең ірі шатырлы ғимарат Хан Шатыр – бәрі де елорданың айрықша келбетін қалыптастырады. Қаланың сәулеттік бейнесін жасауға Норман Фостер, Ренато Аркетти, Манфреди Николетти сынды әлемдік деңгейдегі сәулетшілер атсалысқан.

Л.Н.Гумилева, Казахский агротехнический университет имени С.Сейфуллина и другие известные ВУЗы гостеприимно распахивают перед ними свои двери.

Научные учреждения Астаны занимаются актуальными исследованиями в различных областях, включая технологии, медицину и экологию. Город активно привлекает международные научные конференции и форумы, что способствует обмену знаниями и сотрудничеству с зарубежными коллегами.

АРХИТЕКТУРА И ДОСТОПРИМЕЧАТЕЛЬНОСТИ

Астана знаменита своей современной архитектурой. Город стал настоящей витриной для архитекторов и дизайнеров, привлекая внимание уникальными зданиями. Одной из самых известных достопримечательностей является башня Байтерек - символ города, который предлагает панорамный вид на Астану с высоты птичьего полета. Другими важными объектами являются Дворец мира и согласия, Ак Орда и культурный центр «Хан Шатыр», являющийся крупнейшим в мире зданием с шатром. К формированию современного облика столицы приложили руку такие всемирно известные архитекторы, как Норман Фостер, Ренато Аркетти, Манфреди Николетти.

КУЛЬТУРНАЯ ЖИЗНЬ. СПОРТ

Астана активно развивает свою культурную жизнь. Здесь проводятся различные фестивали, выставки и концерты, что делает город привлекательным для туристов и местных жителей. В Астане расположены театры, музеи, художественная галерея и другие культурные учреждения, способствующие развитию искусства и культуры в стране. Здание



МӘДЕНИЕТ ПЕН СПОРТ

Астананың мәдени өмірі де қарқынды дамып келеді. Қалада түрлі фестивальдар, көрмелер мен концерттер өтеді. Театрлар, мұражайлар, көркем галереялар — бәрі де өнер мен мәдениеттің дамуына үлес қосып отыр. «Астана Опера» театры — Орталық Азиядағы ең ірі опера сахнасы. Ғимарат классикалық еуропалық стиль мен қазақи ұлттық нақышты шебер ұштастырған сәулет өнерінің жауһары.

Қаланың спорттық инфрақұрылымы да жоғары деңгейде. Заманауи стадиондар, спорт кешендері мен жаттығу алаңдары кәсіби спортшылар мен әуесқойларға мол мүмкіндік береді. Астана халықаралық спорт жарыстарын қабылдап, еліміздің спорттық абыройын асқақтатып жүр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Астана — елорда ғана емес, ол — Қазақстанның жаңа тарихының жарқын символы. Мұнда өткен мен болашақ, дәстүр мен заманауи мәдениет үндесе дамуда. Қазіргі таңда қалада 1,5 миллионнан астам адам тұрады. Жыл сайын жүздеген қазақстандықтар мұнда оқуға, жұмыс істеуге немесе тұрақты өмір сүруге келіп, тағдырын осы жас әрі көрікті шаһармен байланыстырады.

Материалда С.Қовланбаев пен Астана қ. филиалы қызметкерлерінің фотосуреттері пайдаланылды.

«Астана Опера» – крупнейший театр Центральной Азии — построен с учётом лучших классических традиций мировой архитектуры с элементами казахского национального колорита.

Также впечатляет спортивная инфраструктура столицы. Современные стадионы, спортивные комплексы и площадки для тренировок создают отличные условия для профессионалов и любителей активного образа жизни. Город принимает международные спортивные события мирового уровня, что укрепляет его статус как спортивной столицы.

Астана — это уникальный город, который сочетает в себе историю, современность и культурное разнообразие. Будучи столицей Казахстана, она играет ключевую роль в развитии страны и представлении ее на мировой арене. Сейчас – это красивый, благоустроенный мегаполис, где проживает больше полутора миллиона человек. И каждый год на отдых, учебу или работу приезжают сотни казахстанцев и некоторые из них остаются здесь навсегда, связывая свою судьбу с молодой столицей.

В материале использованы фотографии С. Ковланбаева, а также сотрудников филиала г. Астаны.

ҚАРИЯ ШАҚҚА ЖИНАҢЫЗ!
ДАРІЯ БАҚҚА ЖИНАҢЫЗ!

КОПИТЕ НА СТАРОСТЬ!
КОПИТЕ НА РАДОСТЬ!

Е Н^{PRO} П Ф

  /enpfkz

  /enpf.kz